



BAITURSYNULY  
UNIVERSITY

«АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ  
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК  
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



# ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

КӨПСАЛАЛЫ  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ  
МНОГОПРОФИЛЬНЫЙ  
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

№ 1

2024

ISSN 2310-3353



**PUBLISHINGS**  
**K S P I**



**Қ М П И**  
**ЖАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК**  
**К Г П И**

2024 ж., қаңтар, №1 (73)  
Журнал 2005 ж. қаңтардан бастап шығады  
Жылына төрт рет шығады

**Құрылтайшы:** *Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті*

**Бас редактор:** *Қуанышбаев С. Б.*, география ғылымдарының докторы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, Қазақстан.

**Бас редактордың орынбасары:** *Жарлығасов Ж.Б.*, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ, Қазақстан.

#### **РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ**

*Әлімбаев А.Е.*, философия докторы (PhD), А.К. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Қазақстан.

*Емин Атасой*, PhD докторы, Улудаг университеті, Бурса қ., Түркия.

*Зоя Микниене*, докторы, (PhD) Литва денсаулық туралы ғылым университеті, Каунас қ., Литва Республикасы.

*Качев Д.А.*, философия ғылымдарының кандидаты, тарих магистрі, «Челябі мемлекеттік университеті» ЖББ ФМБББМ Қостанай филиалы, Қазақстан.

*Ксембаева С.К.*, педагогика ғылымдарының кандидаты, «Торайғыров университеті» КЕАҚ, Қазақстан.

*Лина Анастасова*, әлеуметтану ғылымдарының докторы, Бургас еркін университеті, Бургас қ., Болгария.

*Медетов Н.А.*, физика-математика ғылымдарының докторы, «Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті» КЕАҚ, Қазақстан.

*Мишулина О.В.*, экономика ғылымдарының докторы, «Челябі мемлекеттік университеті» ЖББ ФМБББМ Қостанай филиалы, Қазақстан.

*Соловьев С.А.*, биология ғылымдарының докторы, Новосібір мемлекеттік экономика және басқару университеті, Ресей.

*Скоруходов Д.М.*, техника ғылымдарының кандидаты, «Ресей мемлекеттік аграрлық университеті – К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылық академиясы» ЖББ ФМБББМ, Ресей.

*Сычева И.Н.*, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, «Ресей мемлекеттік аграрлық университеті – К.А. Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылық академиясы» ЖББ ФМБББМ, Ресей.

*Ташев А.Н.*, экология бойынша биология ғылымдарының кандидаты, орман шаруашылығы университеті, София қ., Болгария.

*Уразбоев Г.У.*, физика-математика ғылымдарының докторы, Ургенч мемлекеттік университеті, Өзбекстан.

Тіркеу туралы куәлік №5452-Ж  
Қазақстан Республикасының ақпарат министрлігімен 17.09.2004 берілген.  
Мерзімді баспа басылымын қайта есепке алу 07.11.2023 ж.  
Жазылу бойынша индексі 74081

**Редакцияның мекен-жайы:**  
110000, Қостанай қ., Байтұрсынұлы к., 47  
(Редакциялық-баспа бөлімі)  
Тел.: 8(7142) 51-11-76

© Ахмет Байтұрсынұлы атындағы  
Қостанай өңірлік университеті

№1 (73), январь 2024 г.  
Издается с января 2005 года  
Выходит 4 раза в год

Учредитель: *Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы*

**Главный редактор:** *Куанышбаев С.Б.*, доктор географических наук, КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан.

**Заместитель главного редактора:** *Жарлыгасов Ж.Б.*, кандидат сельскохозяйственных наук, КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан.

#### РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

*Алимбаев А.Е.*, доктор философии (PhD), Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова, Казахстан.

*Емин Атасой*, доктор PhD, Университет Улудаг, г. Бурса, Турция.

*Зоя Микниене*, доктор (PhD), Литовский университет наук здоровья, г. Каунас, Республика Литва.

*Качеев Д.А.*, кандидат философских наук, магистр истории, Костанайский филиал ФГБОУ ВО «ЧелГУ», Казахстан.

*Ксембаева С.К.*, кандидат педагогических наук, НАО «Торайгыров университет», Казахстан.

*Лина Анастасова*, доктор социологии, Бургасский свободный университет, г. Бургас, Болгария.

*Медетов Н.А.*, доктор физико-математических наук, НАО «Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова», Казахстан.

*Мишулина О.В.*, доктор экономических наук, Костанайский филиал ФГБОУ ВО «ЧелГУ», Казахстан.

*Соловьев С.А.*, доктор биологических наук, Новосибирский государственный университет экономики и управления, Россия.

*Скороходов Д.М.*, кандидат технических наук, ФГБОУ ВО РГАУ-МСХА имени К.А. Тимирязева, Россия.

*Сычева И.Н.*, кандидат сельскохозяйственных наук, ФГБОУ ВО РГАУ-МСХА имени К.А. Тимирязева, Россия.

*Ташев А.Н.*, кандидат биологических наук по экологии, Лесотехнический университет, г. София, Болгария.

*Уразбоев Г.У.*, доктор физико-математических наук, Ургенчский государственный университет, Узбекистан.

Свидетельство о регистрации № 5452-Ж  
выдано Министерством информации Республики Казахстан 17.09.2004 г.  
Переучёт периодического печатного издания 07.11.2023 г.  
Подписной индекс 74081

#### Адрес редакции:

110000, г. Костанай, ул. Байтұрсынұлы, 47  
(Редакционно-издательский отдел)  
Тел.: 8(7142) 51-11-76

*Ключевые слова: пословица, паремиологическая модель, исключение.*

**BEKBOSYNOVA, A.Kh., OMAROVA, D.K.**

**SPECIFICITY OF THE USE OF PROVERBS IN B. SOKPRAKBAYEV'S NOVEL «THE DEAD DO NOT RETURN»**

*This article analyzes the features of the use of proverbs in the novel. In the introductory part, theoretical concepts and the structure of proverbs are taken as the study objects. In the main part, the authors sorted the proverbs used, studied them based on the results of several works, and determined their features.*

*Key words: proverb, paroemiological model, exception.*

ӘОЖ 811.512.122

**Есіркепова, К.Қ.,**

*филология ғылымдарының кандидаты,  
Тіл және әдебиет теориясы кафедрасының  
қауымдастырылған профессоры,  
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы  
Қостанай өңірлік университеті,  
Артықбай, И.Б., Акрамова, М.Ж.,  
6В01701- Қазақ тілі мен әдебиеті  
білім беру бағдарламасының  
2 курс студенттері,  
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы  
Қостанай өңірлік университеті,  
Қазақстан, Қостанай*

**ТАХАУИ АХТАНОВ «ҚАҒАРЛЫ КҮНДЕР»  
РОМАНЫНДАҒЫ «СОҒЫС» КОНЦЕПТІСІ**

**Түйін**

*Бұл мақалада Тахауи Ахтановтың “Қаһарлы күндер” романындағы “Соғыс” концептілік жүйесі талданды. Концепт ұғымы мен концептілік жүйе құрылымы, бірліктері туралы теориялық мәліметтерді пайдалана отырып, жазушының роман тіліндегі концептуалдық талдау жасалды. Концептілік талдау барысында автордың “Соғыс” туралы өзіндік көзқарасы: фрейм, ойсурет, сценарий, стретип бірліктері арқылы жүйеленді.*

*Кілт сөздер: соғыс, концепт, ассоциация, схема, фрейм, сценарий, гештальт, метафора, ұлттық дүниетаным.*

**1 Кіріспе**

Концепт адамзаттың тіршілік дағдысы негізінде санасында ішкі ділдік әрекет арқылы жинақталған білімі мен оның құрылымдық жүйесі. Ойлау әрекеті арқылы білім құрылымы шығады. Сонда концепт арқылы адамның білім қоры, мазмұны айқындалады. Концепт түрлерінің анықталуына қарай адамзаттың білім қоры, түрі де ашыла түседі. Негізінен алғанда, концептіні әр қырынан түрлі топқа жіктеп беруге болады, себебі білім, таным шексіз, әлем бейнесі шексіз. Сондықтан ғалымдардың, зерттеушілердің концептіні жіктеп беруі де белгілі бір шектікті құрайды. Таным иірім тәріздес, оған сүңгіген сайын мазмұн туындай береді, ендеше танымның мазмұндық түрі де шыға береді. Концептіні жалпы адамзаттың түйсіктік қабылдау әрекеттеріне, концептінің мазмұндалып танылуына, ғылыми салалық мәнге қарай, т.б. қырларына байланысты жіктеу мәселесі осы бағытта зерттеушілердің еңбектерінде жан-жақты қаралып айтылады. Әрбірінің жіктеуі зерттеу

нысанына байланысты және зерттеу әдіснамасына қарай көрініс береді [1, 110].

## **2 Материалдар және әдістер**

Концепт құрайтын ұғым, мағына, ассоциация, схема, фрейм, сценарий, гештальт, метафора ұғымдық бірліктері жеке-жеке қызмет етпейді, олар сыртқы әлемнің санада түрлі психикалық әрекет (есту, көру, айту, сезіну, т.б.) арқылы мазмұндалып қабылдауында білінбей, ми, ойлау жүйесінің ерекше жүйріктігімен «хаосты» түрде жүзеге асып отырады. Мәселен, ассоциациямен алғашқы танымдық түйсіктік белгі келіп, мағынамен таңбаланады, гештальпен тұтастыққа түсіре бастайды, т.б. Бұларсыз когнитивті лингвистикада концепт жүйесін теориялық жақтан түсіндіру мүмкін емес. [1,108].

## **3-4 Нәтижелер мен талқылау**

Дүниенің тілдік бейнесін ұлттық мәдениет контексінде қарастырған А.Исламның пікірінше: "Концепт дегеніміз -ұлттық дүниетанымның ықшам да, терең мағыналы дүниетаным құндылықтарын айқындайтын тілде көрініс тапқан күрделі бірлік" [2, 12-б.].

Қазақ тіліндегі концептінің мән-мағынасын айқындауға ой салатын пікірлерде баршылық. Мәселен, Гүлдархан Смағұлова: фразеологизмдердің мағыналас тізбек құрудағы басты қасиеті –жалпыұғым, түсінікке бағытталған тіркестер болатынын ескере келе, мағыналас фразеологизмдердің синонимдік тізбектерде ұғымды сөзбен жеткізе алмаған жағдайда мағына ортақтығын танытып тұратын жеке мағыналық ой басым түскен тұрақты тіркес тірек сөз доминант қызметін атқаратынын айта келе, семантикалық синтагмалар аясында фразеологизмдер компоненттерінің қосынды мағыналары соңынан тұратын әрі сол мағынаның толық жұмсалыуына себеп болатын бір сөз тұруы шарт. Біз мұндай сөздерді «сүйемел сөз» деп атаймыз» -дегенді айтады ғалым [3,13].

Қазіргі таңда «схема» терминімен қатар фрейм, сценарий, скрипт т.б. терминдері де қолданылып жүр. Ойлау схемалары адам жадында сақталатын тәжірибені тілдік және тілдік емес формада да ұйымдастыруы мүмкін. Сол себепті кейбір ғалымдардың пікірінше, біз жадымызда тілге дейін болатын және тілдік те фреймдерді сақтай аламыз. Ал басқа бір ғалымдар тобының пайымдауынша, барлық фреймдер тілдік мәртебеге ие болып келеді. Тіл арқылы игерілетін когнитивтік құрылымдар мен тәжірибенің бөлек элементтерінің жиынтығы ғаламның тілдік бейнесін құрайды.Осыдан тілді тек лексикалық, грамматикалық, фонологиялық бірліктер жүйесі және белгілі бір этномәдени және әлеуметтік мәнмәтінде жүзеге асырылатын коммуникативтік әрекеттер ережелерінің жүйесі деп қарастыру жеткіліксіз. Өйткені, тіл ғалам туралы вербалды білімдер жүйесі де болып табылады. Қазіргі кезде тілді зерттеу практикасында ең белгілі когнитивтік құрылымдар ретінде «фрейм» мен «концепт» танылып жүр. Ғалым Н.Уәли бұл когнитивтік құрылымдарға мынадай анықтама береді: «Тіл –ойды құраудың және оны сыртқа шығарудың ең басты құралы. Ақпаратты кодқа салудың екі формасы бар. Бірі –когнитивтік, екіншісі тілдік. Ақиқат дүниеден алынған деректер санада концепт, фрейм, скрипт, сценарий, пропозиция, образ т.б. когнитивтік құралымдар арқылы репрезентацияланады [4,45]

И.А.Тарасова: «Егер фрейм мен концептуалдық өрісті екі басқа когнитивтік құрылымдар деп қарайтын болсақ, онда фреймдік және өрістік құрылымдарды ажыратып көрсететін негізгі белгілер ретінде ассоциациялардың типтік немесе индивидуалдық дәрежелері мен олардың рационалды және эмоционалды сипаттары болуы қажет», -деп санайды [5, 117].

Концептіні жалпы адамзаттық таным мен ұлттық дүние- танымға қатысты мағыналық түрлерін де топтастыруға болады. Бұл орайда алдымен жалпы адамзаттық және ұлттық дүниетанымдағы концептілер деп бөлу орынды. Жалпы адамзаттық дүниетанымды метафизикалық концептілер, эмоционалды концептілер, әлеуметтік мәдени концептілер деген түрлері жатады.

**Метафизикалық концептілер** әлем-дүниедегі дерексіз, бірақ адамзат үшін маңызды ірі, жоғары рухани құндылықтарды түсіндіретін ділдік танымдық мазмұн. Метафизикалық концепт сезіну, түйсіну, қабылдаумен әлемді, жан дүниені тану нәтижесінде жүйеленеді.



Жан дүниелік, әлемдік міндегі құндылықты тану философия заңдылығымен игеріліп философиямен қатар жүреді.

**Әлеуметтік мәдени концептілер** тұрмыстық өмірде туындайтын түсінік шоғыры. Бұған ел, отан, отбасы, ағайын, туыс, дос-жаран, көрші, құрбы-құрдас, замандас, бостандық, шындық, еңбек, байлық, береке, т.б. әлеуметтік, қоғамдық мәдени қарым- қатынастағы мазмұнды ашатын сөздер түсінігі жатады.

**Эмоционалды концептілер** ішкі психологиялық жан-дүниені, көңіл күйді білдіретін сөздер арқылы танылады: көңіл, қорқыныш, сүйініш, реніш, қуаныш, ыза, қаталдық, т.б.

**Ұлттық концептілер** әлем туралы түсініктің жеке ұлт дүние- танымы арқылы қалыптасып, жеке таныммен, болмыспен, стереотиппен шоғырланған мазмұн жиынтығы. Мұнда ұлттық таныммен ұлттың мәдени құндылығы, рухани байлығы екінші бір ұлттан ерекшелінеді. Жинақтай айтқанда, туыстық, өмір салты, әдет-ғұрып, тағам, мәдени өмір, мәдени әрекет, өнер, т.б. кең мәндегі түсінікке қатысты концептілер жатады [1, 113-114].

**Тахауи Ахтановтың “Қаһарлы күндер”** шығармасына негіз болған концепт- соғыс. Соғыс концептісі **метафизикалық концепт** түріне жатады. Әлемдік деңгейде қозғалған маңызды кезеңдердің бірі болғандығы негізгі себеп. Сонымен қатар жеңіс пен жеңіліс үшін күрес, әділеттілік пен теңдік жолындағы шындыққа жету басты мұраты екендігін ескерген жөн.

**Фрейм** –стереотипті ситуацияның ойбейнесі. Осы аталған когнитивті жасалым стереотипті денотаттық ситуациямен байланысы. Денотаттық ситуация стереотипті болады. Фреймнің тағы бір маңызды категориялық ерекшелігі –тілдік және тілдік емес білімді біртұтас когнитивті бейнеге (образға) айналдыра алатын құрылымдығы. Фреймнің тағы бір ерекшелігі – оны екінші реттегі номинация арқылы объективтендіруге болатыны. Фреймнің міндетті белгілері оның пропозициялық құрылымдары арқылы объективтенеді. Стереотип ситуацияның типтік белгілері жаңа концептімен ассоциацияланады да, вербалданып, екінші реттегі номинацияға айналады» [4,46-47].

*1-фрейм. Соғыс – қаһарлы кезең. Майдан өмірі қашан да қаһарлы болады. Ал 1941 жылдың майданының сұсы да, ызғары да ерекше еді. Дұшпанның басым күші үздіксіз шабуыл жасап келе жатты. Шегінген армия онша көңілді бола қоймайды. Екіншіден, соғыстың алғашқы кезінде әлі де жауынгерлердің еті өліп, сұрапыл ұрысқа бойы үйреніп кете қойған жоқ-ты. Майданның өзіндік тұрмыс салтының да дағдысына түсе қоймаған кезі. Бірақ от ішінде де адам бойға біткен табиғи мінезінен айни бермейді (Т.Ахтанов «Қаһарлы күндер», 183 бет).*

**Соғыс-** қатігездік пен жанкештікті талап ететін, жеңіс пен жеңілістің дәмін татқызатын, аяушылық таныта қоймайтын **сұрапыл кезең. Шығармадағы “Ұлы Отан соғысы”** жер үшін, ел үшін күрестің ең ауыр кезеңі. Ер немесе әйел деп бөлініп жатпай, өзінің ұлтын, туған мекенін сақтап қалу үшін күрес деп атауға да негіз бар. Бойы үйренбеген еркекке қатулы мінез тудыратын, нәзік әйелді батыл ететін **қаһарлы кезең -соғыс** .

*2-фрейм. Соғыс – ажалдың сұсты бейнесі. Оның ар жағында бөркін алып төмен қарап Ержан тұр. Алғашқы рет ажалдың сұсты бейнесін – қатып қалған жансыз суық денені көргенде Раушан жаман шошынды. Кеудесіне тығылып, жылап жібергісі келіп көзінде жас домалап Ержанға қарады. Бірақ оның өзі де пана болар ығы жоқ жапандағы жалғыз ағаш сияқты жүдеп тұр екен (Т.Ахтанов «Қаһарлы күндер», 111 бет).*

Шығармаға арқау болған **«соғыс»** концептісінің қорқыныш пен үрей тудыратын бейнесі- **ажал**. Қарулы қақтығыста сау барып аман қайту екі талай. Яғни келіп **ажалмен бетпе-бет** бақилық болуда, сау барып, сал болып қайту да әбден мүмкін. Соғысқа аттанар кезде ата-ана, туған-туысқандарыңмен енді ешқашан көріспестей құшақтап, көзге жас алуда, **соғыс алдындағы дәстүр** болып қалыптасып кеткен. Аттанып жатқан сапары **ажал аузына** өз еркімен бара жатқан **жемтік сынды** көрінеді. Соғыс алдында өзін әбден жігерлендіріп дайындағанымен ажалмен бетпе-бет келгенде тұла бойың тітіркеніп, аяқ бастырмай, дел-сал болып қалатыны да ащы шындық. **Кейіпкер Раушанның шошынуы** да осының дәлелі.

Ондай кезде қолдан келер шара жоғы өкінішті-ақ.

**3-фрейм. Соғыс – ауыртпалықтың алқымға тірелуі.** Кешегіден бергі тынымсыз әбігер, ет қызуымен еленбеген алғашқы соғыстың ауыртпалығы қазір сезіліп, қалжыраған кәрі дене ауырлап қалды. Алғы шепке орынсыз жүгіре берудің керексіз екенін білсе де, секемшілдік тауып, тағатсыздау болып кетті. Бірінші дүниежүзілік соғыс пен азамат соғысына бірнеше жыл қатысып бір кезде еті өліп кетсе де қатты тосырқап қалған екен. Оның үстіне мына соғыстың араны тым кең.... Рас, ұрыс оңай болған жоқ, жан алқымға тірелген жерлерде үш рет өзі шапқылап барып, полк командирлерінің ісіне қолма-қол араласып, сәтіне қарай бұрып жіберді (Т.Ахтанов «Қаһарлы күндер», 116 бет).

Жас пен кәріге қарамай соғыста ұрысу үлкен ауыртпашылық. Алаңда секемшіл, епті болмасаң ел тұрмақ өзінді қорғай алмайсың. **Атқылап арпалысып жүру**, атылған оқтың ішінен аман шығу тәжірибе мен шапшаңдықты талап етеді. Бірнеше жыл соғыс ішінде жүрген әскерилердің өзі бұл ауыртпашылықты сезініп отқанына қарасақ, алғашқы рет қару ұстағандарға зілді бұйрық сынды тиіп жатты. **Ауыртпалықтың екінші бір жағы – жауапкершілік.** Жақын жандарының, ұлтының жарқын болашағы осы соғыстан шығатын нәтижеге байланып тұрғанын сапарға аттанып жатқан сарбаздардың әрқайсысының жүрегінен орын алған. Қазақ халқында “**Ері барда, ел қор болмас**” деп, ежелден батырлық пен батылдықты дәріптеген, ел үшін бар ауыртпалықты көтеріп жанын құрбан еткен ата-бабаларымыздан қалған нақыл сөз бар. Өжет мінез бен батылдықтың, қайсарлық пен табандылықтың арқасында ата-бабаларымыз еліміздің туын жықпай, ұлан-ғайыр өлкені келер ұрпаққа мұра етіп қалдырған.

**Ойсурет** – концепт құрайтын элементтерді санада метафоралау, яғни суреттеу тәсілі. Ол санада бейне, символ, метафора, аллегория т.б. арқылы танылады.

**1-ойсурет. Соғыс – жүдеулік.** «**Жұт**» деген суық сөз оның ұғымында – қазанда бұрқылдап қайнаған қатықсыз, сұйық атала, арқасы пышақтай, қабырғасы ырсыып құлап жатқан тортөбел құнан, үй-ішінің тұнжыраған жүдеулігі болып кірді... Мұрат ішке кірсе де, тысқа шықса да дүниенің жүдеулігін көрді (Т.Ахтанов «Қаһарлы күндер», 23 бет)

«Оның бұрынғы мал қайда?» деп әркімнен сұрап көріп еді, кей біреулері «біз қайдан білейік, кімнің малының есебін алып жүрміз» деп жалтарды; біреулері «**қазақтың жұт дейтіні болады, шырағым, бөрі-қарысы және бар. Дерекеннің де дәулеті шайқалды ғой**» десті (Т.Ахтанов «Қаһарлы күндер», 24 бет)

**Азыңқы, жүдең, жүденкі, жүдеулеу, солыңқы.** Арықтап, еттен арылыңқыраған [ҚТСС, 29 бет].

Соғыс кезінде қаралы хабар мен қатар **азып-тозған елдің бейнесін** де анық көруге болалды. Соғысқа білек сыбана кірісіп кеткен сол бір жылдары үкімет халықтың қамын ойлауды екінші орынға қойған болатын. Онымен қоса елдің **эл-ауқаты түсіп**, бар тапқан-таянғанын соғысқа жіберіп отырады. Соғыстың зардабынан **елдің тоз-тозы шығып, аштық пен жүдеулік** елді жайлап алатыны бар. Мұндағы **ойсурет арқылы жүдеуліктің кескінін** анық көрсетіп тұр.

**2-ойсурет. Соғыс- қауіп-қатердің көрінісі.** Соғыс жер сілкінтіп, сықырлай ауыр басып, теңселе төніп келеді. Жақындаған сайын алқымнан қысып, тынысты бітеп барады. «Не де болса, тезірек болса екен!» деді Ержан алқына дем, алып. Бастан кештеген белгісіз қатерді күту ауыр екен (Т.Ахтанов «Қаһарлы күндер», 84 бет)

**Қауіп-қатердің кескін бейнесін** фразеологизм қолдану арқылы адамның эмоционалдық жай-күйін көрсетуде. Фразеологизм мағынасы арнайы сөздік арқылы беріледі.

**Алқымға [жан алқымға, алқымнан] алды [таяды].**

Қыспаққа алды, апшысын қуырды, тығырықа таяды, өлерменге келтірді [ҚТФС, 35 бет].

**Сценарий** – оқиғаға, жағдаятқа құрылған фреймдерден құралады, яғни концептінің идеясын танытатын сюжеттерден құрылады.

**1-сценарий. Соғыс – қоңыр бұлт. Күлгін қоңыр бұлт шығысқа қарай түйдек-түйдегімен жөңкіліп барады. Жыртылып айрылып қайта тұтасады. Сол кезде жалба-жұлба бұлт арасынан айқын көк бояуы оңып жүдеу тартқан күз аспаны көрініп қалады. Күзгі өкпек жел ызғарсыз сызымен жұмыс істеп қызынып кеткен солдат жүзін сергітіп, мойнынан, жеңінен кіріп, тершіген ыстық денеге салқын рахат лебін еседі. Кейде бұлттан үзіліп түскен тамшыны шашыратын кірпік астына бүркіп өтеді... Енді соғыстың ызғары шарпыды. Сонау қою қоңыр бұлтпен тұтасқан батыс жиектен зілді ыңыранып артиллерия атысы естіледі. Алыстағы айбатты гүрсіл талып жетіп, бір күрсініп тынады. Анау алдағы деревнядан арбалы-жасаяулар шұбырып барады. Алдында ат-арба, одан кейін екі-үш өгіз арба. Жетекке байланған сиырлар тартқынышақтап, қайрыла беріп мөңірейді. Бір бала қайтадан деревняға қарай сілтеп, басын шұлғиды. Бір нәрсе тапсырып жатыр. Деревнядан кешеуілдеп қалған тағы бір арба, жасаяулар шықты. **Қашып, босып шыққан ел сияқты емес, біреуді жерлеуге бара жатқандай** керуен тұнжырап, жай қозғалады. Қабір қазатын күректі ұмыт қалдырып, соған ана баланы жұмсаған сияқты (Т.Ахтанов «Қаһарлы күндер», 83 бет).**

Соғыс тек адамды ғана қиындыққа душар етпей маңайды да шарпып өтетіні бәрімізге белгілі. **Ашық аспанның** атылған оқтан, шарпыған өрттен өңі өзгеруі ежелден бергі табиғат заңдылығы. **Қатыгездіктің соққысын** аспан мен жерде өңін өзгертіп, кері әсерін көрсеткенін осы сценарийдің реттілігінен көрініс тапқан.

**2-сценарий. «Өлмей шегінбе!»** деп рота командирлеріне **әмір етті**. Купциановтың соңғы сөзінен есін жиган Мұрат жан-тәнімен соғыс тынысына құлақ тікті. Дұшпан бұқпай, қатарын бұзбай, қалың легімен қаптап келеді. Окоптан жапырылып мылтық атылды. Бір-екі жерде пулемет дүрсілдеді. Бірақ немістер жақындаған сайын атыстың берекесі қаша бастады. Бірде жиі боп жаппай атылса, бірде шашырап, тіпті төнгенін сезді: соғыстың бетін бұратын бір батыл қимыл болмаса, окоптағылар дүрліге қашуы мүмкін. Ол окоптан қарғып шығып деңгейіне келіп қалған төртінші ротаның алдында түсті де: – **Ер соңымнан! Алға! Ура-а! – деп, айқай салып жүгіре жөнелді** (Т.Ахтанов «Қаһарлы күндер», 115 бет).

**«Өлмей шегінбе»** – соғыстың басты ұраны. Жау таяп қалғанда **қасық қанын қалғанша күресу** соғыстың басты мақсаты. Ал жан қимай сатып кету-**сатқындық**. Соғыс кезінде сатқындарды кешірмеген. Олардың жазасы -**өлім**. Онымен қоса басты қағида-**бұйрықты орындау**. Командир қандай бұйрық берсе де құлақ асу соғыстағы әскерлердің басты міндеті болып қалыптасқан.

**3-сценарий. Жаудың бет алысы – Москва.** Жау Москваға жақындап келеді. **«Апырмай, тым болмаса осы тұста тоқтатар»** – деген нысаналар сырғып кейін қалып жатыр. Гитлердің жетінші ноябрьде Москвада парад қабылдамақ ойын іске асыру үшін жасалған октябрь шабуылы әлі тоқтаған жоқ. Жағдай қиындап келе жатты. Осы бір көңілді елексізкен қаһарлы күндері генерал-майор Панферовтың штабына армия командашысы келген генерал-лейтенантты ешкім байқай қойған жоқ (Т.Ахтанов «Қаһарлы күндер», 147 бет).

**Берілген сценарий арқылы** соғыстың қара дауылы көтеріліп, адам жүрегіне **қорқыныш пен үрей** ұялаған сәттің өзінде, жер үшін, ел үшін жанын құрбан етуге даяр сарбаздардың кейпі бейнеленген. Тіпті ашық аспанға кенеттен торлаған қара бұлттың қай уақытта сейілерін жан баласы білмейді. **Қаһарлы күндердің ызғары** сол замандағы халыққа да оңай тиген жоқ. Соғыс ішінде жүрген әрбір **сарбаздың жүрегінде үреймен қатар сөне қоймаған жарқын болашаққа деген сенім бар**. Соғыстың бейнесін көрсеткен бұл оқиғадан қараңғы күннің артынан жарықтың шығарына сенген үмітті анық көруге болады.

## 5 Қорытынды

Әр этностың мәдениеті, оның рухани өмірі мен тарихы, таным-түсінігі сол ұлттың этнолингвистикалық арналарында сақталады. Көне дәуірден халықтың бар тәжірибесін



бойына жиып, халық ауыз әдебиеті деңгейіне көтеріліп, ұшан-теңіз мағлұмат беретін мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, ақын-жазушылардың шығармаларында оны тілдік тұрғыда қарастыру когнитивті тіл білімінің міндеті болып табылады. Роман концептілік жүйеге, концептілік өріске, концепт құрайтын тілдік бірліктерге бай. «Соғыс» концептісінің қолданысын анықтауда танымал жазушы – Тахауи Ахтанов романынан мысалдар алынып талданды. Т. Ахтанов шығармаларындағы «соғыс» концептісі туған жерге деген махаббат пен сүйіспеншілік пен елге деген адалдықтың көрінісі бейнеленген. Аталған концепт көп қатпарлы ұғым болғандықтан метофизикалық болып танылады. Сол себепті қазақ тіліндегі бақыт, қуаныш, жеңіс, үстемдік, қайраттылық, шыдамдылық, сағыныш, ажал, қилы кезең, қара аспан, қаһарлы күн, т.б. ұғымдар «Соғыс» концептісін танытатын қырлары халық ауыз әдебиетіндегі, ақын-жазушылар шығармалары мен тұрақты тіркестердегі тілдік деректер арқылы дәлелденіп, нақтыланды. Яғни аталған концептілер «соғыс» концептісін құрайтын концептілік жүйе болып табылады. Жалпы тілдік қолданыста «соғыс» концептісін бейнелеуде күрес, қару-жарак, шабуыл, шайқас, жарақат, жанын қию, жеңіс т.б. тілдік бірліктері жиі қолданылады. Қорыта келе, қазақ тіліндегі «соғыс» концептісінде бүгінде ғылыми тұрғыдан зерттелген, негізделген ұғымдардың халық танымындағы көрінісі таңбаланған. «Соғыс» концептісі – қазақ дүниетанымының қалыптасу жолдарын дәлелдей алатын, өзіндік даму тарихы, күрделі құрылымы бар кең ауқымды концепт.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қасым Б.Қ., Шақаман Ы.Б. Когнитивті лингвистика: Оқу құралы. –/ Б.Қ.Қасым, Ы.Б. Шақаман. –Павлодар: ПМПУ, 2018. –168 б.
- 2 Ислам А. Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті. Фил.ғыл. док. дис. қолжазбасы. – Алматы, 2004. –340.
- 3 Елемесова Ш. Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары: Фил. ғыл. канд. дис. автореф. –Алматы, 2003. –32 б.
- 4 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: фил. ғыл. д-ры дис.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 330 б.
- 5 Тарасова И.А. Категории когнитивной лингвистики в исследовании идиостиля. // Языкознание. – 2004.
- 6 Ахтанов Т. «Қаһарлы күндер» Алматы: Атамұра 2003. – 384 бет.
- 7 Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Кеңесбаев І. К. Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977 ж. 712 б.
- 8 Бизақов С.Синонимдер сөздігі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 640 бет.

#### ЕСІРКЕПОВА, К.К., АРТЫҚБАЙ, И.Б., АКРАМОВА, М.Ж.

##### КОНЦЕПТ «ВОЙНА» В РОМАНЕ ТАХАУИ АХТАНОВА «СУРОВЫЕ ДНИ»

*В данной статье анализируется концептуальная система «Войны» в романе Тахауи Ахтанова «Харлы дни». Концептуальный анализ был произведен с использованием теоретических сведений о концепте, а также о структуре и единицах концептуальной системы. В ходе концептуального анализа был систематизирован собственный авторский взгляд на «Войну» с использованием единиц фрейма, мысли, сценария, стереотипа.*

**Ключевые слова:** война, концепция, ассоциация, схема, фрейм, сценарий, геистальт, метафора, национальная картина мира.

#### YESSIRKEPOVA, K.K., ARTYKBAY, I.B., AKRAMOVA, M.Zh.

##### THE CONCEPT OF «WAR» IN TAKHAUI AKHTANOV'S NOVEL «KAKHARLY KUNDER»

*This article analyzes the conceptual system of “War” in Takhaui Akhtanov’s novel “Kakharly kunder” (Dreadful days). The conceptual analysis involved utilizing theoretical knowledge of the concept, as well as understanding its structure and components within the conceptual framework. The author’s unique perspective on “War” was organized and clarified by using such units as frames, thoughts, scenarios, and stereotypes.*

**Key words:** war, concept, association, scheme, frame, script, gestalt, metaphor, national picture of the world.

**МАЗМҰНЫ**

**ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ӨНЕР ҒЫЛЫМДАРЫ**

*Абильмаликов, К.К., Сержан, Ш., Құрманязов, Ы.С.* Ботай-Терсек тарихи-мәдени қауымдастығы: ортақ сипаттамалары ..... 3

*Бекбосынова, А.Х., Алдабергенова, Ж.Ж.* Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романындағы «Махаббат» концептісі ..... 10

*Безаубекова, А.Д., Амиргалиева, Е.С., Қайырғали, Д.А.* Тілдердің шығуы мен дамуы және олардың өзара әсерлері ..... 14

*Безаубекова А.Д., Атығай, Ш.С., Шахметова, М.А.* Тілдердің шығу тегі, туыстығы (генеологиялық) жағынан топтастырылуы ..... 19

*Бекбосынова, А.Х., Исмагамбетова, Ж.Б.* Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан» романындағы мақал-мәтелдердің қолдану ерекшелігі ..... 23

*Бекбосынова, А.Х., Куанышбаева, Г.Ш.* С. Мұратбеков шығармаларындағы «Соғыс» концептісі..... 27

*Бекбосынова А.Х., Омарова Д.К.* Б. Сокпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» романындағы мақал-мәтелдердің қолданыс ерекшелігі ..... 31

*Есіркепова, К.Қ., Артықбай, И.Б., Акрамова, М.Ж.* Тахауи Ахтанов «Қаһарлы күндер» романындағы «Соғыс» концептісі..... 37

*Есіркепова, К.Қ., Елепай, А.А., Укенов, Т.М.* Ғ. Мүсірепов «Ұлпан» романындағы «Қазақ бейнесі» концептісі ..... 43

*Қожанұлы, М.* Қазақтың шешендік сөздеріндегі ономастикалық атаулар хақында ..... 48

*Оспанұлы, С., Мырзағалиева, К.* Көрікті жанның көркем жырлары ..... 57

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ**

*Абдулин, Ж.К., Тастанов, М.Г.,* Жоғары оқу орынында оқу процесінде студенттің өзіндік жұмысының рөлі ..... 62

*Жақып, А.А., Қабден, Қ.Ж., Нурмуханбетова Н.Н., Сергазина С.М., Острецова И.Б.* Жалпы білім беретін мектептерде химия сабақтарында «case-study» әдісін қолдану аясында кәсіби құзыреттілігін арттыру ..... 66

*Жаппасова, К.А., Тастанов, М.Г.* Электрондық білім беру ресурстарын пайдалану әдістемесі ..... 74

*Казиева, Г.Н., Тастанов, М.Г.* Оқыту әдістерін дамыту бағыттары және физика сабағын оқытуға тәжірибеге бағытталған тәсіл..... 79

*Орманова, Г.К., Ораз, А.Д.* Орта мектепте «Ядролық физика» бөлімін оқытуда оқушыларды ғылыми-зерттеу іс-әрекетіне баулуда инновациялық тәсілдердің рөлі ..... 85

**ӘЛЕУМЕТТІ ҒЫЛЫМДАР**

*Есионова, А.Н.,* Steam оқыту жүйесі арқылы оқушылардың зерттеу қызметін ұйымдастыру ..... 89

*Жигалова, Н.Г., Цыганова, А.Е.,* Қалалық ортамен танысу үшін квест технологиясы қолдану..... 94

*Калкашев, С.Г., Абдиманапов, Б.Ш., Аяпбекова, А.Е., Нурханов, М.А., Гордеева, З.И.* География пәнінде критериалды бағалау үдерісінің тиімді болуындағы саралау ..... 101

*Коваль, А.П., Баяндин, М.А.,* Өндірістік жаракаттану деңгейі және Қазақстан Республикасындағы өндірістегі жазатайым оқиғалардан сақтандыру жүйесі ..... 110

**БІЗДІҢ АВТОРЛАР** ..... 117

**АВТОРЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА** ..... 126

## СОДЕРЖАНИЕ

**ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ И ИСКУССТВО**

<i>Абильмаликов, К.К., Сержан, Ш., Курманиязов, Ы.С.</i> Ботайско-Терсекская историко-культурная общность: общие характеристики.....	3
<i>Бекбосынова, А.Х., Алдабергенова, Ж.Ж.</i> Концепт «Любовь» в романе А.Нуршаихова «Махаббат, кызык мол жылдар» .....	10
<i>Безаубекова, А.Д., Амиргалиева, Е.С., Қайыргали, Д.А.</i> Происхождение и развитие языков и их взаимные эффекты.....	14
<i>Безаубекова А.Д., Атығай, Ш.С., Шахметова, М.А.</i> Группировка языков по происхождению, родству (генеологическому) .....	19
<i>Бекбосынова, А.Х., Исмагамбетова, Ж.Б.</i> Специфика употребления пословиц и поговорок в романе Габита Мусрепова «Улпан» .....	23
<i>Бекбосынова, А.Х., Куанышбаева, Г.Ш.</i> Концепт «Война» в творчестве Муратбекова .....	27
<i>Бекбосынова А.Х., Омарова Д.К.</i> Особенность использования пословиц в романе Б. Сокпакбаева «Мертвые не возвращаются».....	31
<i>Есіркепова, К.К., Артықбай, И.Б., Акрамова, М.Ж.</i> Концепт «Война» в романе Тахауи Ахтанова «Суровые дни».....	37
<i>Есіркепова, К.К., Елепай, А.А., Укенова, Т.М.</i> Концепция «Образ казаха» в романе Г. Мусирепова «Улпан».....	43
<i>Қожанұлы, М.</i> Об ономастических именах в казахских ораторских словах.....	48
<i>Оспанұлы, С., Мырзағалиева, К.</i> Прекрасные произведения красивой души.....	57

**ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ**

<i>Абдулин, Ж.К., Тастанов, М.Г.</i> Роль самостоятельной работы студента в процессе обучения в вузе.....	62
<i>Жақып, А.А., Қабден, Қ.Ж., Нурмуханбетова Н.Н., Сергазина С.М., Острецова И.Б.</i> Повышение профессиональной компетентности в рамках применения метода «case-study» на уроках химии в общеобразовательных школах.....	66
<i>Жаппасова, К.А., Тастанов, М.Г.</i> Методика использования электронных образовательных ресурсов .....	74
<i>Казиева, Г.Н., Тастанов, М.Г.</i> Направления развития методов обучения и практический подход к преподаванию урока физики .....	79
<i>Орманова, Г.К., Ораз, А.Д.</i> Роль инновационных методов в привлечении к научно-исследовательской деятельности обучающихся при обучении «Ядерная физика» в средней школе .....	85

**СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ**

<i>Есионова, А.Н.</i> Организация исследовательской деятельности школьников через систему stem обучения .....	89
<i>Жигалова, Н.Г., Цыганова, А.Е.</i> Использование квест-технологии для ознакомления с городской средой .....	94
<i>Калкашев, С.Г., Абдиманапов, Б.Ш., Аяпбекова, А.Е., Нурханов, М.А., Гордеева, З.И.</i> Дифференциация эффективного использования системы критериального оценивания по предмету география .....	101
<i>Коваль, А.П., Баяндин, М.А.</i> Уровень производственного травматизма и система страхования от несчастных случаев на производстве в Республике Казахстан.....	110

<b>НАШИ АВТОРЫ</b> .....	120
--------------------------	-----

<b>ИНФОРМАЦИЯ ДЛЯ АВТОРОВ</b> .....	129
-------------------------------------	-----

**CONTENT**

**HUMANITIES AND ARTS**

*Abilmalikov, K.K., Serzhan, Sh., Kurmaniyazov, Y.S.* Botai-Tersek historical and cultural community: general characteristics..... 3

*Bekbosynova, A.Kh., Aldabergenova, Zh. Zh.* Concept «Love» in the novel «Makhabbat, kyzyk mol zhyldar» by A. Nurshaihov ..... 10

*Bezaubekova, A.D., Amirgalieva, Y.S., Kayyrgali, D.A.* The origin and development of languages and their mutual effects..... 14

*Bezaubekova, A.D., Atygai, Sh.S., Shakhmetova, M.A.* Grouping of languages by origin, relationship (genealogical)..... 19

*Bekbosynova, A. Kh., Ismagambetova Zh.B.* The specifics of the use of proverbs and sayings in Gabit Musrepov's novel «Ulpan» ..... 23

*Bekbosynova, A.Kh., Kuanyshbaeva, G.Sh.* The concept of «War» in Muratbekov's works ..... 27

*Bekbosynova, A.Kh., Omarova D.K.* Specificity of the use of proverbs in B. Sokpakbaev's novel «The dead do not return» ..... 31

*Yessirkerova, K.K., Artykbay, I.B., Akramova, M.Zh.* The concept of «War» in Takhaui Akhtanov's novel «Kakharly kunder» ..... 37

*Yessirkerova, K.K., Yelepay, A.A., Ukenova, T.M.* The concept «Kazakh image» in Musirepov's novel «Ulpan»..... 43

*Kozhanuly, M.* About onomastic names in kazakh oratorical words ..... 48

*Ospanuly, S., Myrzagaliev, K.* Fine pieces of work of a beautiful soul ..... 57

**NATURAL SCIENCES**

*Abdulin J.K., Tastanov M.G.* The role of the student's independent work in the process of studying at the university ..... 62

*Zhakyp A.A., Kabden K.Zh., Nurmukhanbetova N.N., Sergazina S.M., Ostretsova I.B.* Improving professional competence within the framework of the use of the «case-study» method in chemistry lessons in secondary schools ..... 66

*Zhappasova K.A., Tastanov M.G.* Methods of using electronic educational resources..... 74

*Kazieva G.N., Tastanov M.G.* Directions of development of teaching methods and a practical approach to teaching a physics lesson..... 79

*Ormanova G.K., Oraz A. D.* The role of innovative methods in attracting students to research activities in teaching «Nuclear physics» in secondary school ..... 85

**SOCIAL SCIENCES**

*Yesionova, A.N.* Organization of student research activities through the stem education system ..... 89

*Zhigalova, N., Tsyganova, A.Y.* Use of quest technology to explore the urban environment..... 94

*Kalkashev, S.G., Abdimanapov, B.Sh., Ayapbekova, A.Y., Nurkhanov, M.A., Godeeva, Z.I.* Difference of effective use of criteria-based systems of geography knowledge assessment..... 101

*Koval, A., Bayandin, M.A.* Frequency rate of occupational injuries and occupational injury insurance system in the Republic of Kazakhstan..... 110

**OUR AUTHORS** ..... 123

**INFORMATION FOR AUTHORS** ..... 132

**Компьютерлік беттеу: С. Худякова**

**Компьютерная верстка: С. Худякова**

---

---

Басуға 26.12.2023 ж. берілді.  
Пішімі 60x84/8. Көлемі 11,0 б.т.  
Тапсырыс № 015

Подписано в печать 26.12.2023 г.  
Формат 60x84/8. Объем 11,0 п.л.  
Заказ № 015

Ахмете Байтұрсынұлы атындағы  
Қостанай өңірлік университетіндегі  
редакциялық-баспа бөлімінде басылған  
Қостанай қ., Байтұрсынов к., 47

Отпечатано в редакционно-издательском отделе  
Костанайского регионального университета  
имени Ахмет Байтұрсынұлы  
г. Костанай, ул. Байтұрсынова, 47